

# Серпіндіктердің жетістіктері

Торғай аграрлық-техникалық колледжінде сапалы білім мен саналы тәрбие алуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Колледж басшысы Айгүл Қуанышпайқызының басты назарына алынған студенттер үшін колледжішілік және қалалық спорт және мәдени іс-шараларға қатысу да кеңінен қамтылған.

Білім алушы жастар бүгінгі таңда өздерін сан қырынан көрсетуде.

Спортқа өзіндік қызығушылығы жоғары, топ студенттері республикалық «Денсаулық күнінде» арқан тартыс, қол күресі сайыстарына қатысып, 3-ші орынға иеленді.

Уақытын тиімді пайдалана білетін студенттер күнделікті ұйымдастырылатын мәдени шараларға қатысып, колледж сахнасында өз өнерлерін ортаға салуға да дағдыланған. «Тілдер күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған «Туған тіл - қыдырың!» тақырыбындағы өнер сайысында өнерлерін көрсетіп, 3 орын иегері атанды.

«Достық әуені» фестиваліне де топ студенттері қатысып, әр жанр бойынша өнерлерін көрсетіп, 2 орынды жеңіп алды.

ТО-11 арнайы тобының топ басшысы Наурызбай Бекмағанбет жуырда облыстық колледж студенттері арасында өткізілген спартакиадаға қатысып қайтты. Топтың студенттері спорт үйірмелеріне де көптен тартылған.

Сондай-ақ, топ кураторы Бағида Кенжеқарақызы студенттеріне екінші қамқор болып, әрқашан ақыл айтып, көмек береді. Келген күннен бастап студенттерді қаламен



барысында қаланың мәдени орындарымен таныстық. Театр, облыстық кітапхана, Дала өлкесі мұражайы, кинотеатр, «Қайрат» спорт кешені т.б мәдени орындарға барды.

23 қазанда Рудный қаласында оңтүстік өңірінен келген студенттер үшін ұйымдастырылған «Көшбасшы-сардар» атты кездесуге Н. Бекмағанбет барып, баяндама жасап келді.

29 қазан күні «Ата-баба дәстүрі әдептілік негізі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында топ студенттері өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ырым-тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріп, көріністер көрсетті. Іс-шара жоғары деңгейде өтті.

«Студенттер қатарына қабылдау» кеші ұйымдастырылып, серпіндіктер белсене аталысты.

Студенттер үшін арнайы оқу залы және гаамторды тегін пайдаланатын компьютерлік кабинеттер жұмыс жасайды. Студенттер бос уақыттарында интернет арқылы сабаққа қосымша материалдар алып дайындалады.

Колледжішілік топтар арасында «Колледж ханзадасы мен ханшайымы» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға серпіндіктер арасының бақтарын сынауға Альбина Серікбайқызы мен Канат Мүсіркеп шықты. Қатысушылар номинациялар бойынша бар өнерлерін ортаға салып, жүлделі орынға ие болды.

Колледж серпіндіктері «Серпін-асқақ ұраным!» атты танысу кеші ұйымдастырды. Кездесуге политехникалық колледждің студенттері шақырылды. Кездесу барысында

# Бодандықтан бостандыққа жеткізген

Азаттыққа жетуде төл тарихымызда шешуші рөл атқарған құбылыстардың бірі желтоқсан оқиғасы екені сөзсіз. Азаттыққа ұмтылу жолында соңғы қадамдардың бірі болған бұл оқиға осыдан 29 жыл бұрын болыпты. Арада ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, сол кездегі қазақ жастарының жанкешті ерлігі, азаматтық белсенділігі мен ұлтқа, елге жанашырлығы бүгінгі ұрпаққа үлгі әрі өнеге. Еліміздің бас қаласы болған Алматыда сол жастар толқынына ілесіп, халықтың атынан наразылық білдірген жас боздақтар мен бойжеткендердің арасында біздің жерлестеріміз де болды. Еліміздің бас мерекесі – Тәуелсіздік күніне орай желтоқсан оқиғасының куәгерлеріне жолығып, сол қиын-қыстау кезең туралы әңгімелестік. Олар – №2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының қызметкерлері Әлия ЕЛУБАЕВА мен Дәмет ҚҰСАЙЫН.

3 ▶





## Ұлт бағына туған ұлы тұлға

Ә. Боранбаев атындағы кино-театрда «Қазақ хандығының 550 жылдығы» және I желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған ақындар айтысы өтті. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Мәдениет сарайының ұйымдастырған айтыстың шымалдығын қала әкімінің орынбасары Е. Мәметқов құттықтау сөз сөйлеп ашты.

Айтысты «Арқалықтың Жүрсіні» атанған өнерпаз Қайрат Байдалдин жүргізді. Жыр аламанында облыстық, республикалық жыр додаларында ат озырған айтыскер жастармен қатар қалалық мектеп оқушылары айтысының жеңімпаздары та бақтарың сынады.

нақ осы күні республика Президентінің бірінші бүкілжазықтық сайлауы өткізілді. Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, бейбіт саясатты еліміздің егемендігі Қазақстан Республикасы Президентінің атымен тікелей байланысты, дейді шараны ұйымдастырушылар.

Айтыстың бас жүлдесін танымал айтыскер ақын Тобға Өтепбаев қанжынасына байлады. Бірінші орынды Айбар Рағатов, екінші орынды Бекболат Қаленов, екі үшінші орынды Батырлан Сағынтаев пен Рысбай Рабигт иеленді. Өзге де қатысушылар тұраі номинациялармен марапатталды. Атап айтқанда: «Жас ақын» номинаци-